

**«Кемел кәсіби даму  
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu  
ortalygy LTD»**

**«Педагогтерді аттестаттауға даярлау: біліктілік талаптарына сәйкес  
кәсіби құзыреттер, педагогикалық қызмет және даму»**

біліктілікті арттыру курсының

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Сағат саны: 80 ақ.сағ.**

**Алматы 2026**

## 1. Жалпы ережелер

«Педагогтерді аттестаттауға даярлау: біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттер, педагогикалық қызмет және даму» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ педагог қызметкерлердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптар мен олардың кәсіби дамуының шарттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 32 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының өзектілігі

№ 83 бұйрық талаптарына сәйкес педагогтерді аттестаттау педагогтің кәсіби қызметін, оның кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби дамуға дайындығын кешенді бағалауды көздейді. Бұл ретте № 32 бұйрық педагогтің кәсіби қызметіне және оның үздіксіз кәсіби өсуіне қойылатын талаптарды айқындайды.

Практика көрсеткендей, педагогтердің едәуір бөлігі аттестаттауға дайындық барысында біліктілік талаптарын, педагогикалық қызметті бағалау критерийлерін, портфолио қалыптастыру тәртібін, өзін-өзі талдау жүргізу мен кәсіби жетістіктерді ұсыну талаптарын жеткілікті деңгейде түсінбеуге байланысты қиындықтарға тап болады. Көп жағдайда педагогикалық қызмет жеткілікті деңгейде жүзеге асырылғанымен, ол аттестаттау талаптарына сәйкес жүйеленбеген және рәсімделмеген болады.

Осы жағдайларда педагогтерді аттестаттауға мақсатты түрде даярлау қажеттілігі туындайды. Мұндай даярлық нормативтік талаптармен формальды танысумен шектелмей, кәсіби құзыреттерді дамытуға, педагогикалық қызметті жүйелеуге және өз қызметінің нәтижелерін белгіленген критерийлерге сәйкес ұсыну біліктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Біліктілікті арттыру бағдарламасы анықталған кәсіби олқылықтарды жоюға, педагогтерде аттестаттауға дайындықтың практикалық дағдыларын қалыптастыруға, кәсіби рефлексияны дамытуға және саналы кәсіби өсуге бағытталған. Бағдарламаны іске асыру педагогтердің аттестаттаудан өтуге дайындығын арттыруға, олардың кәсіби қызметінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге және білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпыұлттық басымдықтармен және әлемдік үрдістермен байланысы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде педагогтерді аттестаттау білім беру сапасын қамтамасыз ету, педагог қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту құралы ретінде қарастырылады. № 83 және № 32 бұйрықтар педагогтің кәсіби қызметін нәтижелерге, құзыреттердің қалыптасу деңгейіне және кәсіби дамуға дайындығына негізделі отырып бағалау басымдығын айқындайды, бұл адами капитал сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатқа

сәйкес келеді.

Жалпыұлттық басымдықтар аясында педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, заманауи педагогикалық технологияларды енгізуге, кәсіби рефлексия мәдениетін қалыптастыруға және біліктілікті үздіксіз арттыруға ерекше мән беріледі. Осы тұрғыда педагогтерді аттестаттауға даярлау тек біліктілік санатын растауға ғана емес, педагогикалық қызметтің сапасын және білім беру нәтижелерін жүйелі түрде арттыруға бағытталған.

Білім беру саласындағы әлемдік үрдістер де педагогтердің қызметін формальды бақылаудан олардың кәсіби тиімділігін, педагогикалық шеберлігін және өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін бағалауға көшуге бағдарланған. Халықаралық практикада педагогтерді аттестаттау педагогикалық практиканы талдауға, жетістіктер портфолиосына, оқыту нәтижелеріне және кәсіби қызметтің рефлексиясына негізделген кәсіби өсу тетігі ретінде қарастырылады.

Бағдарламаны іске асыру осы тәсілдерді ескере отырып, педагогтерді аттестаттауға қойылатын ұлттық талаптарды құзыреттілікке негізделген тәсіл, педагогикалық қызмет нәтижелерін бағалау, кәсіби автономияны дамыту және үздіксіз кәсіби даму сияқты заманауи әлемдік үрдістермен үйлестіруді қамтамасыз етеді. Бұл педагогтерді даярлаудың білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық міндеттеріне және педагогикалық еңбек сапасын бағалаудың халықаралық тәсілдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## 2. Глоссарий

**Аттестаттау** — педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталыды).

**Аттестатталушы** — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20400 болып тіркелген) осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санатын алуға (растауға) үміткер педагог.

**Аттестаттау комиссиясы** — педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін алқалы орган (бұдан әрі – Комиссия).

**Аттестаттау кезеңі** — біліктілік санаты соңғы рет берілген (расталған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейінгі немесе мерзімінен бұрын аттестаттауға негіз болатын жағдайлар туындағанға дейінгі уақыт аралығы.

**Апелляция** — осы Қағидаларға сәйкес аттестатталушының өтініші негізінде педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі.

**Апелляциялық комиссия** — білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын және педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау қорытындылары бойынша шешім қабылдайтын комиссия.

**Біліктілік бағалау** — білім беру ұйымының педагогтің материалдарын (портфолиосын) біліктілік сипаттамаларына сәйкес барлық құжаттардың

болуына қатысты қарауы.

**Біліктілік санаты** — Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31149 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі.

**Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау** — педагогтің қызметі мен жетістіктерінің дәлелдемелерінің біліктілік санаты талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі.

**Педагогтердің білімін бағалау (бұдан әрі – ПББ)** — білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым жүргізетін аттестатталушылардың білімін тестілеу рәсімі.

**«Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» ақпараттандыру объектісі (бұдан әрі – Платформа)** — педагогтің кәсіби қызметі туралы деректерді жинау мен өңдеуді қамтамасыз ететін, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның платформасы.

**Цифрлық құзыреттілік** — педагогтің цифрлық технологияларды, білім беру платформаларын және электрондық ресурстарды педагогикалық қызметте тиімді, саналы және қауіпсіз пайдалануына бағытталған кешенді кәсіби қабілеті, оның ішінде білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру, оқытуды іске асыру, оқу нәтижелерін бағалау, кәсіби құжаттаманы жүргізу және аттестаттауға материалдар дайындау, сондай-ақ біліктілік талаптарына сәйкес педагогикалық қызмет нәтижелерін цифрлық форматта талдау және ұсыну.

**Өзін-өзі бағалау** — педагогтің өзінің кәсіби қызметі деңгейін, кәсіби құзыреттерінің қалыптасу дәрежесін және біліктілік талаптарын орындауға дайындығын саналы түрде талдау және бағалау үдерісі; кәсіби жетістіктерді, олқылықтарды және даму аймақтарын айқындауды қамтитын, кәсіби рефлексияның, аттестаттауға дайындықтың және жеке кәсіби даму жоспарлаудың құралы.

**Нәтижелерді бағалау** — педагогтің немесе білім алушылардың жоспарланған білім беру және кәсіби нәтижелерге қол жеткізу деңгейін, құзыреттерінің қалыптасуын және педагогикалық қызметтің тиімділігін белгіленген критерийлер, көрсеткіштер және бағалау құралдары негізінде айқындайтын жүйелі және мақсатты үдеріс; оқыту сапасын талдау, білім беру процесін түзету және кәсіби даму мен аттестаттау шеңберінде шешімдер қабылдау үшін пайдаланылады.

**Тәрбие жұмысы** — білім алушыларда құндылық бағдарларды, әлеуметтік жауапкершілікті, мінез-құлық мәдениетін және тұлғалық дамуды қалыптастыруға бағытталған педагогтің мақсатты және жүйелі қызметі;

білім беру процесінде және сыныптан тыс қызметте тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру, білім алушылармен, ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады және педагогтің кәсіби қызметін бағалау мен аттестаттау кезінде ескеріледі.

**Портфолио** — педагогтің кәсіби қызметін, оқыту және тәрбие жұмысының нәтижелерін, кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін, жетістіктері мен кәсіби өсуін көрсететін құрылымдалған және құжаттамалық түрде расталған материалдар кешені; өзін-өзі талдау, кәсіби тиімділікті бағалау және белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес аттестаттаудан өту үшін пайдаланылады.

**Өзін-өзі талдау** — педагогтің өзінің кәсіби қызметін, оқыту және тәрбие жұмысының нәтижелерін, қолданылатын әдістер мен технологияларды, кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін және біліктілік талаптарына сәйкестігін саналы және жүйелі түрде бағалау үдерісі; жетістіктерді, кәсіби олқылықтарды айқындауға және әрі қарай кәсіби даму мен аттестаттауға дайындық бағыттарын белгілеуге бағытталған.

**Рефлексия** — педагогтің өзінің кәсіби тәжірибесін, педагогикалық шешімдерін, қызмет нәтижелерін және оларға деген жеке көзқарасын саналы түрде талдау және пайымдау үдерісі; жетістіктер мен қиындықтардың себептерін түсінуге, педагогикалық практиканы түзетуге, кәсіби құзыреттерді дамытуға және кәсіби өсуін әрі қарай жоспарлауға, оның ішінде аттестаттауға дайындық контекстінде бағытталған.

### **3. Бағдарламаның тақырыбы**

Біліктілікті арттыру бағдарламасының жаңалығы

Біліктілікті арттыру бағдарламасының жаңалығы педагогтерді № 83 және № 32 бұйрықтардың талаптарына сәйкес аттестаттаудан өтуге практикалық тұрғыдан мақсатты даярлауға бағдарлануында болып табылады және педагогикалық білімді жалпы жаңартуға бағытталмайды. Бағдарлама аттестаттауды педагогтің кәсіби қызметін бағалаудың жүйелі үдерісі және кәсіби дамудың құралы ретінде қарастырады.

Дәстүрлі курстардан айырмашылығы, бағдарламаның мазмұны біліктілік талаптарына, бағалау критерийлеріне және аттестаттаудың нақты рәсімдеріне негізделіп құрылымдалған. Педагогтің кәсіби қызметін талдауға, өзін-өзі талдау біліктерін қалыптастыруға, портфолионы даярлау мен құрылымдауға, сондай-ақ педагогикалық қызмет нәтижелерін аттестаттау талаптарына сәйкес ұсынуға ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның жаңалығы нормативтік талаптарды педагогтердің практикалық қызметімен интеграциялауда көрініс табады: әрбір модуль аттестаттау барысында бағаланатын нақты кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған. Бағдарламаға аттестаттау рәсімдерін, сараптамалық бағалауды және кәсіби жетістіктерді қорғауды модельдейтін практикалық-бағдарланған тапсырмалар енгізілген.

Жаңалықтың маңызды элементі педагогтерде кәсіби рефлексия дағдыларын және аттестаттаудан табысты өтудің міндетті шарты ретінде

жеке кәсіби даму траекториясын қалыптастыруға басымдық беру болып табылады. Бұл аттестаттауға дайындықты ғана емес, педагогикалық қызмет сапасының тұрақты түрде артуын да қамтамасыз етеді.

Білім беру жүйесінде аналогтардың болуы/болмауын талдау

Білім беру жүйесінде іске асырылып жатқан педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын талдау курстардың басым бөлігі педагогикалық шеберлікті жалпы арттыруға, пәндік білімді жанартуға, педагогикалық технологияларды немесе цифрлық құралдарды меңгеруге бағдарланғанын көрсетеді. Мұндай бағдарламалар, әдетте, аттестаттау талаптарының логикасында тікелей құрылмайды және педагогтерді аттестаттау рәсімдерінен өтуге мақсатты түрде даярлауды қамтамасыз етпейді.

Қолданыстағы курстар аттестаттау мәселелерін ішінара ғана қамтиды, көбінесе нормативтік-құқықтық базамен танысумен немесе кәсіби даму бойынша жалпы ұсынымдармен шектеледі. Бұл ретте біліктілік талаптарын жүйелі талдау, педагогикалық қызметтің өзін-өзі талдау біліктерін қалыптастыру, портфолио дайындау және педагогикалық қызмет нәтижелерін № 83 және № 32 бұйрықтарда белгіленген критерийлерге сәйкес ұсыну бойынша кешенді жұмыс жүргізілмейді.

Білім беру жүйесінде аттестаттауды педагогтің кәсіби қызметін бағалаудың кешенді үдерісі ретінде қарастыратын, ал оқыту мазмұны толықтай біліктілік талаптарына, бағалау рәсімдеріне және аттестаттауға практикалық даярлау тетіктеріне негізделген бағдарламалар ұсынылмаған. Нормативтік талаптарды, кәсіби құзыреттерді, педагогикалық қызметті және кәсіби даму стратегияларын біртұтас логикалық құрылымға біріктіретін курстар жоқ.

Біліктілікті арттыру бағдарламасы анықталған олқылықтың орнын толтырады, қолданыстағы білім беру ұсыныстарын қайталамайды және педагогтерді аттестаттауға нақты даярлауға бағытталған практикалық сипатқа ие. Бұл білім беру жүйесінде тікелей аналогтарының жоқтығын растайды және аталған бағдарламаны іске асырудың орындылығын негіздейді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның мақсаты № 83 және № 32 бұйрықтардың талаптарына сәйкес аттестаттаудан өтуге педагогтердің практикалық дайындығын қалыптастыру болып табылады. Бұл кәсіби құзыреттерді дамыту, педагогикалық қызметті жүйелеу және өз қызметінің нәтижелерін біліктілік талаптарына сәйкес ұсыну біліктерін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның міндеттері

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

–педагогтерде аттестаттаудың талаптары мен рәсімдері туралы түсінік қалыптастыру;

–аттестаттау барысында бағаланатын кәсіби құзыреттерді дамыту;

–педагогтерді өзінің педагогикалық қызметін талдауға және құрылымдауға үйрету;

–педагог портфолиосын дайындау және рәсімдеу бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;

–педагогикалық қызмет нәтижелерін біліктілік критерийлеріне сәйкес ұсыну біліктерін дамыту;

–кәсіби рефлексия және кәсіби дамуды жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері және олардың педагогикалық практикаға ықпалы

Оқуды аяқтағаннан кейін педагогтер:

–аттестаттаудың талаптары мен критерийлерін меңгереді және оларды өзінің қызметін талдау барысында қолданады;

–педагогикалық қызмет нәтижелерін жүйелеуді және құжаттамалық түрде растауды жүзеге асыра алады;

–біліктілік талаптарына сәйкес педагог портфолиосын өз бетінше дайындауға қабілетті болады;

–кәсіби құзыреттілік деңгейін растайтын заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды қолданады;

–педагогикалық қызметке саналы түрде өзін-өзі талдау жүргізеді және кәсіби практиканы түзетеді;

–аттестаттау нәтижелерін ескере отырып, жеке кәсіби даму траекториясын қалыптастырады.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы оқу нәтижелерінің педагогтер тарапынан аттестаттауға дайындық пен оны өту барысында тікелей қолданылуымен айқындалады, педагогикалық қызмет сапасын арттыруды және кәсіби практиканың белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

## 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

### 1-модуль. Педагогтерді аттестаттаудың нормативтік-құқықтық негіздері

Модульдің мақсаты:	Педагогтерде аттестаттаудың нормативтік-құқықтық талаптарын, оны өткізу тәртібі мен кезеңдерін практикалық тұрғыдан түсінуді қалыптастыру, сондай-ақ аттестаттаудан өтуге дайындық барысында осы талаптарды қолдануға дайындықты қамтамасыз ету.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: – педагогтің кәсіби өсуі үшін аттестаттаудың

	<p>мақсаттарын, міндеттерін және маңызын ашу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– педагогтердің біліктілік санаттарын және оларға қойылатын талаптарды түсінуді қалыптастыру;</li> <li>– қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес аттестаттауды өткізу тәртібі мен кезеңдерімен таныстыру;</li> <li>– аттестаттау процесіндегі педагогтің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін түсіндіру;</li> <li>– педагогтердің аттестаттаудан өту барысында жіберетін типтік қателіктерін талдау және олардың алдын алу жолдарын айқындау.</li> </ul>
<p>Модульдің нәтижелері: күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– педагогтерді аттестаттаудың мақсаттарын, міндеттерін және нормативтік негіздерін біледі;</li> <li>– біліктілік санаттарына қойылатын талаптарды және оларды беру шарттарын түсінеді;</li> <li>– аттестаттауды өткізу тәртібі мен кезеңдерінде бағдарлана алады;</li> <li>– аттестаттау процесіндегі өз құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін ұғынады;</li> <li>– аттестаттауға дайындық барысында типтік қателіктерді анықтай және олардың алдын ала алады.</li> </ul>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Модуль аясында педагогтерді аттестаттаудың нормативтік-құқықтық негіздері, кәсіби қызметті және кәсіби өсуді бағалау тетігі ретіндегі аттестаттаудың мақсаттары мен міндеттері қарастырылады. Педагогтердің біліктілік санаттары, кәсіби құзыреттер деңгейіне және педагогикалық қызмет нәтижелеріне қойылатын талаптар талданады. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен кезеңдеріне, құжаттарды тапсыру рәсімдеріне, материалдарды қарау және шешім қабылдау үдерістеріне ерекше назар аударылады. Аттестаттаудың әрбір кезеңіндегі педагогтің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі қарастырылады.</p> <p>Модульдің жеке блогы педагогтердің аттестаттаудан өту барысында жіберетін типтік қателіктерді талдауға арналған, оның</p>

	ішінде ұсынылған материалдардың біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі, педагогикалық қызметке жеткіліксіз өзін-өзі талдау жүргізу және портфолио дайындауға формальды көзқарас мәселелері қамтылады.
--	--

### Модульдің практикалық бағыттылығы

Модульдің практикалық бағыттылығы аттестаттауға нақты дайындыққа бағдарланған тапсырмаларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі, соның ішінде:

нормативтік талаптарды талдау және оларды өзінің кәсіби қызметімен сәйкестендіру;

кәсіби қызметтің ағымдағы деңгейінің таңдалған біліктілік санатына сәйкестігін айқындау;

аттестаттаудан өту кезіндегі нақты кейстер мен типтік қателіктерді талдау;

аттестаттауға дайындықтың жеке жоспарын әзірлеу.

Модульді меңгеру нәтижелері педагогтер тарапынан аттестаттауға дайындық барысында тікелей қолданылады және осы үдерістің саналы әрі тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

### 2-модуль. Аттестаттау контекстіндегі педагогтің кәсіби құзыреттері

Модульдің мақсаты:	Аттестаттау барысында бағаланатын кәсіби құзыреттердің құрылымы мен мазмұнын педагогтерде практикалық тұрғыдан түсінуді дамыту, сондай-ақ біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін өзін-өзі бағалауға дайындықты қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: – аттестаттау контекстіндегі педагогтің кәсіби құзыреттерінің құрылымы мен мазмұнын ашу; – кәсіби қызметтің негізгі көрсеткіштері ретінде педагогикалық, әдістемелік және пәндік құзыреттілікті түсінуді қалыптастыру; – аттестаттаудың міндетті талабы ретінде педагогтің цифрлық құзыреттілігін дамыту; – педагогикалық қызметтегі коммуникативтік және басқарушылық құзыреттердің маңызын айқындау; – педагогтің кәсіби құзыреттері деңгейін өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің күтілетін	Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:

нәтижелері:	<ul style="list-style-type: none"> <li>– аттестаттау барысында бағаланатын кәсіби құзыреттердің құрылымы мен мазмұнын біледі;</li> <li>– педагогикалық, әдістемелік және пәндік құзыреттілікке қойылатын талаптарды түсінеді;</li> <li>– кәсіби қызметте және аттестаттауда цифрлық құзыреттіліктің рөлін ұғынады;</li> <li>– коммуникативтік және басқарушылық құзыреттерді дамыту тәсілдерін меңгереді;</li> <li>– біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттер деңгейіне өзін-өзі бағалау жүргізе алады.</li> </ul>
Модуль сипаттамасы:	<p>Модуль педагогтердің кәсіби құзыреттерін аттестаттау кезінде педагогикалық қызметті бағалаудың негізі ретінде тұтас түсінуді қалыптастыруға бағытталған. Кәсіби құзыреттердің құрылымы, мазмұны және олардың біліктілік санаттарымен өзара байланысы қарастырылады.</p> <p>Модуль аясында педагогтің педагогикалық, әдістемелік және пәндік құзыреттілігі, олардың білім беру процесінде көрініс табуына қойылатын талаптар және аттестаттау кезінде құжаттамалық түрде растау тәсілдері талданады. Білім беру ресурстарын, электрондық құжат айналымын және оқу нәтижелерін бағалау құралдарын пайдалануды қамтитын педагогтің цифрлық құзыреттілігіне ерекше назар аударылады.</p> <p>Сондай-ақ педагогтің кәсіби кемелділігінің көрсеткіштері ретінде коммуникативтік және басқарушылық құзыреттер, білім алушылармен, әріптестермен және әкімшілікпен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ білім беру процесін ұйымдастыруға қабілеттілігі қарастырылады.</p>

#### Модульдің практикалық бағыттылығы

Модульдің практикалық бағыттылығы аттестаттауға дайындыққа бағдарланған тапсырмаларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде:

- аттестаттау талаптары тұрғысынан өзінің кәсіби қызметін талдау;
- кәсіби құзыреттерді өзін-өзі бағалау картасын толтыру;
- кәсіби олқылықтар мен даму аймақтарын айқындау;

кәсіби құзыреттерді дамыту бойынша жеке ұсынымдар әзірлеу.

Модульді меңгеру нәтижелері педагогтерге аттестаттауға мақсатты түрде дайындалуға және біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

### **3-модуль. Аттестаттау кезіндегі педагогикалық қызмет және оны бағалау**

Модульдің мақсаты:	Аттестаттау талаптарына және біліктілік критерийлеріне сәйкес педагогикалық қызметті жоспарлау, іске асыру, талдау және ұсыну бойынша педагогтерде практикалық біліктерді қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: – аттестаттау кезінде педагогикалық қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруға қойылатын талаптарды түсінуді қалыптастыру; – кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштері ретінде заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістерінің маңызын ашу; – білім алушылардың оқу нәтижелері мен оқу жетістіктерін бағалау дағдыларын дамыту; – педагогикалық қызметті бағалау жүйесінде тәрбие жұмысы мен сыныптан тыс қызметтің рөлін айқындау; – аттестаттау материалдарында педагогикалық қызмет нәтижелерін талдау және ұсыну біліктерін қалыптастыру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: – біліктілік талаптарына сәйкес педагогикалық қызметті жоспарлай және ұйымдастыра алады; – кәсіби деңгейін растайтын заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістерін қолданады; – білім алушылардың оқу нәтижелері мен оқу жетістіктерін бағалау тәсілдерін меңгереді; – аттестаттауға материалдар дайындау кезінде тәрбие және сыныптан тыс қызметті ескереді; – өзінің педагогикалық қызметінің нәтижелерін талдап, оларды дұрыс ұсына алады.
Модуль сипаттамасы:	Модуль аттестаттау кезінде бағалаудың негізгі

	<p>объектісі болып табылатын педагогикалық қызметті ашуға бағытталған. Педагогтің кәсіби деңгейін және біліктілік санаттарына сәйкестігін көрсететін білім беру процесін жоспарлау мен ұйымдастыруға қойылатын талаптар қарастырылады.</p> <p>Модуль аясында заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістері, олардың білім беру процесінің сапасын арттырудағы рөлі және олардың нәтижелерін аттестаттау материалдарында ұсыну мүмкіндіктері талданады. Оқу нәтижелерін бағалауға, объективтілік критерийлеріне және білім алушылардың оқу жетістіктерін тіркеуге ерекше назар аударылады.</p> <p>Педагогикалық қызметтің аттестаттау кезінде есепке алынатын маңызды құрамдас бөліктері ретінде тәрбие жұмысы мен сыныптан тыс қызметті қарастыруға ерекше орын беріледі.</p> <p>Модульдің қорытынды элементі педагогикалық қызмет нәтижелерін құрылымдалған және дәлелді форматта талдау және ұсыну болып табылады.</p>
--	--

#### Модульдің практикалық бағыттылығы

Модульдің практикалық бағыттылығы аттестаттау рәсімдеріне барынша жақын тапсырмаларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде:

аттестаттау талаптары тұрғысынан өзінің сабақ жоспарларын және білім беру бағдарламаларын талдау;

қолданылатын педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістерін іріктеу және сипаттау;

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралдарын әзірлеу және талдау;

тәрбие және сыныптан тыс қызмет бойынша материалдарды жүйелеу;

портфолиоға енгізу үшін педагогикалық қызмет нәтижелері бойынша талдамалық есеп дайындау.

Модульді меңгеру нәтижелері педагогтерге аттестаттаудан өту кезінде өз педагогикалық қызметін негізді және дәлелді түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

#### **4-модуль. Аттестаттаудың негізгі элементі ретіндегі педагог портфолиосы**

Модульдің мақсаты:	Аттестаттау талаптарына және сараптамалық
--------------------	---

		бағалау критерийлеріне сәйкес педагог портфолиосын дайындау, құрылымдау және ұсыну бойынша педагогтерде практикалық біліктерді қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:		<p>Модуль аясында мынадай міндеттерді шешу көзделеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– педагог портфолиосының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды ашу;</li> <li>– кәсіби қызметті құжаттамалық түрде растау дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>– оқу нәтижелерін және педагогикалық жетістіктерді ұсыну біліктерін дамыту;</li> <li>– портфолио аясында педагогикалық қызметке өзін-өзі талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>– педагогтерді портфолионы сараптамалық бағалау рәсіміне даярлау.</li> </ul>
Модульдің нәтижелері:	күтілетін	<p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– педагог портфолиосының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды біледі;</li> <li>– кәсіби қызметті растайтын құжаттарды іріктеп, дұрыс рәсімдей алады;</li> <li>– оқу нәтижелері мен педагогикалық жетістіктерді дұрыс ұсына алады;</li> <li>– портфолиода педагогикалық қызметке өзін-өзі талдау жүргізу дағдыларын меңгереді;</li> <li>– аттестаттау процесінде портфолионы сараптамалық бағалаудан өтуге дайын болады.</li> </ul>
Модуль сипаттамасы:		<p>Модуль педагогті аттестаттаудың негізгі элементі ретінде портфолионы жан-жақты зерделеуге бағытталған. Портфолионың құрылымына қойылатын талаптар, міндетті және қосымша бөлімдер, сондай-ақ сараптамалық комиссияның материалдарды бағалау критерийлері қарастырылады.</p> <p>Кәсіби қызметті құжаттамалық түрде растау мәселелеріне ерекше назар аударылады, оның ішінде анықтамаларды, талдамалық материалдарды, оқу нәтижелері мен тәрбие жұмысының қорытындыларын рәсімдеу қамтылады. Педагогикалық жетістіктерді және кәсіби тиімділіктің дәлелдемелік базасын ұсыну тәсілдері талданады.</p>

	Модуль аясында педагогтің кәсіби рефлексия деңгейін көрсетуге мүмкіндік беретін портфолионың міндетті құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық қызметтің өзін-өзі талдауы қарастырылады. Қорытынды элемент портфолионы сараптамалық бағалауға даярлау болып табылады, оған материалдарды рәсімдеуге, ұсыну логикасына және дәлелдемелерді негіздеуге қойылатын талаптар кіреді.
--	--

#### Модульдің практикалық бағыттылығы

Модульдің практикалық бағыттылығы портфолио дайындауға тікелей бағдарланған тапсырмаларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде:

- педагогтің жеке портфолиосының құрылымын әзірлеу;
- кәсіби қызметті растайтын құжаттарды іріктеу және рәсімдеу;
- оқу нәтижелері мен педагогикалық жетістіктер бойынша талдамалық материалдарды дайындау;
- педагогикалық қызметке өзін-өзі талдау жүргізу;
- портфолионы сараптамалық бағалау рәсімін модельдеу және сарапшылардың типтік ескертпелерін талдау.

Модульді меңгеру нәтижелері педагогтерге аттестаттау талаптарына сәйкес келетін портфолио дайындауға және аттестаттаудан табысты өту мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### **5-модуль. Педагогтің кәсіби дамуы және аттестаттаудан табысты өту**

Модульдің мақсаты:	Кәсіби рефлексияны дамыту, кәсіби өсудің жеке траекториясын жоспарлау және кәсіби жетістіктерді қорғауға даярлау арқылы педагогтерде аттестаттаудан табысты өтуге практикалық дайындықты қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: <ul style="list-style-type: none"> <li>– педагогтің кәсіби дамуының құралы ретінде аттестаттаудың маңызын ашу;</li> <li>– кәсіби рефлексия және педагогикалық қызметті талдау дағдыларын дамыту;</li> <li>– кәсіби дамудың жеке траекториясын жобалау біліктерін қалыптастыру;</li> <li>– біліктілікті арттыру және үздіксіз кәсіби оқыту мүмкіндіктерімен таныстыру;</li> <li>– аттестаттау процесінде әңгімелесуге және</li> </ul>

	кәсіби жетістіктерді қорғауға педагогтерді даярлау.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: <ul style="list-style-type: none"> <li>– кәсіби даму жүйесіндегі аттестаттаудың рөлін ұғынады;</li> <li>– кәсіби рефлексия және педагогикалық қызметті талдау әдістерін меңгереді;</li> <li>– кәсіби өсудің жеке траекториясын әзірлеуге қабілетті болады;</li> <li>– біліктілікті арттыру және үздіксіз кәсіби оқыту мүмкіндіктерінде бағдарланады;</li> <li>– аттестаттаудан өту кезінде әңгімелесуге және кәсіби жетістіктерді қорғауға дайын болады.</li> </ul>
Модуль сипаттамасы:	Модуль аттестаттауды тек бағалау рәсімі ретінде ғана емес, педагогтің кәсіби дамуының құралы ретінде ұғынуға бағытталған. Педагогикалық қызметтің сапасын арттыру және аттестаттауға дайындықтың негізі ретінде кәсіби рефлексия мен педагогикалық қызметті талдау тәсілдері қарастырылады. Модуль аясында біліктілік санаттарының талаптарын, аттестаттау нәтижелерін және педагогтің кәсіби мақсаттарын ескере отырып, кәсіби дамудың жеке траекториясын құру жолдары талданады. Кәсіби құзыреттілікті сақтау және дамыту шарттары ретінде біліктілікті арттыру мен үздіксіз кәсіби оқытудың формалары қарастырылады. Кәсіби жетістіктерді қорғауға және әңгімелесуге дайындыққа ерекше назар аударылады, оның ішінде типтік сұрақтарды талдау, педагогикалық қызмет нәтижелерін дәлелдеу және кәсіби табыстарды ұсыну мәселелері қамтылады.

Модульдің практикалық бағыттылығы

Модульдің практикалық бағыттылығы аттестаттаудың нақты рәсімдеріне бағдарланған тапсырмаларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі, соның ішінде:

- педагогикалық қызмет нәтижелері бойынша кәсіби рефлексия жүргізу;
- кәсіби дамудың жеке траекториясын әзірлеу;
- біліктілікті арттыру жоспарын құрастыру;
- әңгімелесу мен кәсіби жетістіктерді қорғауды модельдеу;

аттестаттау комиссиясы үшін кәсіби нәтижелерді таныстыруға арналған презентация дайындау.

Модульді меңгеру нәтижелері педагогтерге аттестаттаудан сенімді түрде өтуге және оның нәтижелерін әрі қарай кәсіби өсу үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Д ә р і с т е р	П р а к т и к а л ы қ с а б а қ	Се ми на р	Ба р л ы ғ ы
1	<b>1-модуль. Педагогтерді аттестаттаудың нормативтік-құқықтық негіздері</b>				<b>16</b>
1.1	Педагогтерді аттестаттау: кәсіби өсу үшін мақсаты, міндеттері және маңызы	1	2	1	4
1.2	Педагогтердің біліктілік санаттары және оларға қойылатын талаптар	1	1	1	3
1.3	Педагогтерді аттестаттауды өткізу тәртібі мен кезеңдері	1	1	1	3
1.4	Аттестаттау процесіндегі педагогтің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	1	1	1	3

1.5	Педагогтердің аттестаттаудан өту барысында жіберетін типтік қателіктері және олардың алдын алу жолдары	1	1	1	3
2	<b>2-модуль. Аттестаттау контекстіндегі педагогтің кәсіби құзыреттері</b>				16
2.1	Педагогтің кәсіби құзыреттері: құрылымы мен мазмұны	2	1	1	4
2.2	Педагогикалық, әдістемелік және пәндік құзыреттілік	1	1	1	3
2.3	Аттестаттаудың талабы ретіндегі педагогтің цифрлық құзыреттілігі	1	1	1	3
2.4	Педагогтің коммуникативтік және басқарушылық құзыреттері	1	1	1	3
2.5	Педагогтің кәсіби құзыреттері деңгейін өзін-өзі бағалау	1	1	1	3
3	<b>3-модуль. Аттестаттау кезіндегі педагогикалық қызмет және оны бағалау</b>				16
3.1	Педагогикалық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру	2	1	1	4
3.2	Заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістері	1	1	1	3
3.3	Білім алушылардың оқу нәтижелері мен оқу жетістіктерін бағалау	1	1	1	3
3.4	Педагогтің тәрбие жұмысы және сыныптан тыс қызметі	1	1	1	3
3.5	Педагогикалық қызмет нәтижелерін талдау және ұсыну	1	1	1	3
4	<b>4-модуль. Аттестаттаудың негізгі элементі ретіндегі педагог портфолиосы</b>				16
4.1	Педагог портфолиосы: құрылымы, мазмұны және талаптары	2	1	1	4
4.2	Кәсіби қызметті құжаттамалық растау	1	1	1	3
4.3	Оқу нәтижелері мен педагогикалық жетістіктерді ұсыну	1	1	1	3

4.4	Портфолиода педагогикалық қызметке өзін-өзі талдау	1	1	1	3
4.5	Портфолионы сараптамалық бағалауға даярлау	1	1	1	3
5	<b>5-модуль. Педагогтің кәсіби дамуы және аттестаттаудан табысты өту</b>				16
5.1	Педагогтің кәсіби дамуының құралы ретіндегі аттестаттау	2	1	1	4
5.2	Кәсіби рефлексия және педагогикалық қызметті талдау	1	1	1	3
5.3	Педагогтің кәсіби дамуының жеке траекториясы	1	1	1	3
5.4	Біліктілікті арттыру және үздіксіз кәсіби оқыту	1	1	1	3
5.5	Әңгімелесуге дайындық және кәсіби жетістіктерді қорғау	1	1	1	3
<b>Барлығы</b>					<b>80</b>

**80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Бейнесабактар	Вебинар	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	Барлығы
1	<b>1-модуль. Педагогтерді аттестаттаудың нормативтік-құқықтық негіздері</b>				<b>16</b>
1.1	Педагогтерді аттестаттау: кәсіби өсу үшін мақсаты, міндеттері және маңызы	1	2	1	4
1.2	Педагогтердің біліктілік санаттары және оларға қойылатын талаптар	1	1	1	3
1.3	Педагогтерді аттестаттауды өткізу тәртібі мен кезеңдері	1	1	1	3

1.4	Аттестаттау процесіндегі педагогтің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	1	1	1	3
1.5	Педагогтердің аттестаттаудан өту барысында жіберетін типтік қателіктері және олардың алдын алу жолдары	1	1	1	3
2	<b>2-модуль. Аттестаттау контекстіндегі педагогтің кәсіби құзыреттері</b>				16
2.1	Педагогтің кәсіби құзыреттері: құрылымы мен мазмұны	2	1	1	4
2.2	Педагогикалық, әдістемелік және пәндік құзыреттілік	1	1	1	3
2.3	Аттестаттаудың талабы ретіндегі педагогтің цифрлық құзыреттілігі	1	1	1	3
2.4	Педагогтің коммуникативтік және басқарушылық құзыреттері	1	1	1	3
2.5	Педагогтің кәсіби құзыреттері деңгейін өзін-өзі бағалау	1	1	1	3
3	<b>3-модуль. Аттестаттау кезіндегі педагогикалық қызмет және оны бағалау</b>				16
3.1	Педагогикалық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру	2	1	1	4
3.2	Заманауи педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістері	1	1	1	3
